



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Бүкіл әлем және мұнай-газ саласы үшін 2020 жыл ерекше есте қалады. COVID-19 пандемиясы және соның салдарынан энергия ресурстарына деген сұраныстың төмендеуі, сондай-ақ ОПЕК+ келісімінің шеңберінде қабылданған шектеулер негізгі өндірістік көрсеткіштердің төмендеуіне әкеп соқты. Өткен жылдардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстың жинақталған жетістіктері және Компанияның бүкіл командасының үйлестірілген кешенді іс-қимылы бізге орнықтылықты сақтап, осы жылдың негізгі қиындықтарымен күресуге көмектесті. Сонымен қатар, біз COVID-19-ға қарсы жалпы күресте өз үлесімізді қосып, қолымыздан келгенше көмек көрсете алдық.

### Елдің мұнай-газ саласында көшбасшылық позицияны сақтау

2020 жылдың қорытындылары бойынша мұнай және конденсат өндіру көлемі 21,8 млн тоннаны немесе тәулігіне 445 мың баррельді құрады, бұл негізінен ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерге байланысты, сондай-ақ жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің өздігінен төмендеу нәтижесінде өткен жылдан 7,9%-ке кем. ҚМГ пандемияға дейінгі 2020 жылға арналған бастапқы жоспармен салыстырғанда мұнай мен конденсат өндіруді 1,3 млн тонна көлемінде қысқарту бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық орындады.

Өндіру деңгейінің төмендеуімен қатар өндіруде жағымды оқиғалар да бар: біз 2020 жылғы желтоқсанда Ақтөбе облысындағы Шығыс Өріктау кен орнында екі ұңғыманы тәжірибелік пайдалануға енгіздік. Бірінші фаза сәтті аяқталған және экономикалық конъюнктура қолайлы болған жағдайда Өріктау кен орындары тобының 58 ұңғымасын пайдалануды, сондай-ақ бірқатар өндірістік объектілерді салуды көздейтін екінші фазаны іске асыру мүмкіндігі қаралатын болады. Жобаны толық ауқымды іске асыру жағдайында күтілетін өндіру жыл сайын 1,5 млрд м3 газ бен 500 мың тонна мұнайға жетуі мүмкін.

Сондай-ақ, қолданыстағы геологиялық-барлау жобалары шеңберіндегі жетістіктерді атап өткім келеді. Биылғы жылы юра шөгінділерінен Шығыс Бектұрлы учаскесіндегі іздеу ұңғымасынан тәулігіне 85

тоннаға дейін дебитпен сусыз мұнайдың фонтандық ағынын алуға мүмкіндік туды. Жете барлау жобаларының арасында "Ембімұнайгаз" АҚ-тың Сағидолла Нұржанов кен орнында тәулігіне 70 тонна дебитпен триас шөгінділерінен сусыз мұнайдың фонтандық ағынын алуды атап өтуге болады.

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдау көлемі 6,3%-ке төмендеп, 73,2 млн тоннаны құрады. Төмендеу "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ-тан 2020 жылғы қаңтарда мұнайдағы хлорорганикалық қосылыстардың шектен тыс асып кетуінің анықталуына, ОПЕК+ келісімінің аясында өндірудің төмендеу салдарынан жүк жөнелтушілердің мұнай құбырлары жүйесіне мұнай тапсыру көлемінің төмендеуіне байланысты болды. 2018 жылы басталған Кеңқияқ-Атырау мұнай құбыры реверсінің жобасы аясында бірінші іске қосу кешенінің объектілері іске қосылды және екінші іске қосу кешені объектілерінің құрылысы аяқталды. Барлық жобаны аяқтау 2021 жылдың 2-тоқсанында жоспарлануда.

Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі 16,3%-ке 86,6 млрд м3-ге дейін азайды. Төмендеу негізінен транзиттік көлемдердің және газдың экспорттық жеткізілімдерінің азаюына байланысты болып отыр. 2020 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры 15 млрд м3 көлемінде өзінің толық жобалық қуатына шықты, ол елдің батыс кен орындарынан оңтүстік өңірлерді табиғи газбен қамтамасыз етеді және газды экспорттық жеткізуді әртарапандырады.

Компанияның қазақстандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру көлемі 12,5%-ке азайып, 16,8 млн тоннаны құрады, оның ішінде қазақстандық МӨЗ 11,7 млн тонна мұнай өнімдерін өндірді. Қазақстанның барлық қалаларында карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты 2020 жылы мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс төмендегенін көрсетті, бұл қазақстандық МӨЗ өндірістік қызметіне әсер етті. Тауарбастылықты болдырмау үшін мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру көлемдері төмендетілді, бұл ретте өндіріс тоқтатылған жоқ, МӨЗ жүктемелері сұраныстың қажетті көлеміне сәйкес теңдестірілді.

Қатарынан екі жыл бойы біз көмірсутек қорларын PRMS . халықаралық стандарттарына сәйкес жариялап жатырмыз. 2020 жылдың соңында ҚМГ дәлелденген және ықтимал көмірсутек қорлары (2P) б.з. 635 млн тоннаны (б.з. 4 894 млн барр) құрады. бұл жетілген кен орындарында өндірудің табиғи құлдырауына, сондай-ақ мұнайдың болжамды бағасының төмендеуіне және айырбастау бағамының құбылмалылығына байланысты, өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, 6,1%-ке төмен.

### Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру

Компанияның күрделі интеграцияланған өндірістік тізбегі бар қызметінің ауқымы, көптеген адамдарды өндірістік қызметке тарта отырып, ҚМГ-нің елеулі экономикалық және әлеуметтік ролі пандемия жағдайында қаржылық және өндірістік сипаттағы елеулі сынақтар тудырды. Пандемияның теріс салдарын еңсеру мақсатында 2020 және 2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар іске асырылуда, олар Компанияға дағдарыстың әсерін едәуір жеңілдетуге, орнықтылық пен болашақ даму әлеуетін сақтауға мүмкіндік берді.

Компания эпидемиологиялық жағдайға және мұнай бағасының құлдырауына қарамастан, өзінің барлық бағыттарында өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етті. Бизнес-процестерді оңтайландыру шеңберінде Корпоративтік орталықта, сондай-ақ ЕТҰ деңгейінде процестерді бюрократиясыздандыру бойынша қосымша шаралар қабылданды. Операциялық тиімділікті арттыру мақсатында ұңғымалардың рентабельді емес қоры тоқтатылды.

Өзіндік құн құрамындағы бақыланатын шығындарды оңтайландыруға және тұрақты шығындар үлесін азайтуға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, жоспарлы шығындар 147 млрд теңгеге қысқартылды, оның ішінде күрделі шығындар 103 млрд теңге, операциялық шығыстар 27 млрд теңге, өкімшілік шығыстар 17 млрд теңге болды.

ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы шоғырландырылған берешегі 341 млн АҚШ долларына төмендеді. Сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар деңгейінде 1,1 млрд АҚШ долл. астам сомаға берешектің төмендеуі қамтамасыз етілді, оның жартысынан көбі Солтүстік Каспий жобасы шеңберінде өнімді бөлу туралы келісімде ҚМГ мүдделерін білдіретін «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясына тиесілі. ҚМГ-нің 907 млн АҚШ долл. сомасына еурооблигациялары табысты қайта қаржыландырылды, соның нәтижесінде жақын уақытта берешекті ірі бір жолғы төлеу мәселесі шешілді. Келесі ірі өтеу тек 2025 жылы болады.

Пандемия жағдайында цифрлық трансформация жобалары өз өзектілігін арттырды. Төрт жоба іске қосылды, олардың ішінде "АВА" ақпараттық жүйесін енгізу", "Мұнай өңдеу зауыттарында инженерлік модельдеу жүйесін енгізу", "ҚМГ көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру" мен "Сапарларды басқару". Аталған жобаларды енгізуден күтілетін оң нәтиже 72,4 млрд теңгені құрайды.

Қызметкерлер мен олардың отбасыларының денсаулығы мен қауіпсіздігіне назар аударып, COVID-19 ауруын азайту және оның таралуын, сондай-ақ өндірістік процестерге тигізетін әсерін азайту үшін Компания барлық қажетті шараларды қабылдады, тиісті әдістемелік және директивалық құжаттар әзірленді және енгізілді, арнайы іс-шаралар жоспарлары әзірленді және бекітілді.

### Орнықты даму жөніндегі іс-шараларды іске асыру

Өндірістік және қаржылық мақсаттарға қол жеткізумен қатар, Компания басшылығының алдында ҚМГ-нің күнделікті өміріне тұрақты даму қағидаттарын енгізу және тиісті іс-шараларды іске асыру бойынша маңызды міндет тұр.

Компания үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алауда жағуды қысқарту, су ресурстарын мен өндіріс қалдықтарын басқару, жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру болып табылады. ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік тәзімділік қағидатын ұстанады. 2015 жылы ҚМГ Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі бастамасын қолдады.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бөлігінде біз технологиялық жабдықты жаңғыртуға, энергия үнемдеу технологияларын енгізуге, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыруға, сондай-ақ меншікті, оның ішінде ілеспе мұнай газын пайдалана отырып, генерация көздерін дамытуға ұмтыламыз.

<sup>1</sup> Ағылш. Petroleum Resources Management System — Мұнай ресурстарын басқару жүйесі.

Біздің парниктік газдар шығарындыларын азайту міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын пайдалы қолдануды және кәдеге жаратуды арттыру, алауда жағуды барынша азайту болып табылады. Шикі газды дамыту және қайта өңдеу бағдарламаларының орындалған іс-шараларының нәтижесінде ілеспе мұнай газын кәдеге жарату 2020 жылы 98%-ті құрады, ал газды жағу көрсеткіші өндірілген көмір-сутек шикізатының 1 мың тоннасына шаққанда 2,2 тонна деңгейінде болды, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 24%-ке және салалық орташа көрсеткіштен 79%-ке төмен.

Өндірістік объектілерде айналыстағы барлық қалдықтарды, оның ішінде мердігерлік ұйымдардың қалдықтарын тұрақты есепке алу және бақылау жүзеге асырылады, олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, жыл сайын жаңадан түзілген, жинақталған және тарихи қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар қаржыландырылады. Осы мақсаттарға 2020 жылы Компания 13 млрд теңгеден астам қаржы бөлді.

Табиғи көздерден су тартуды азайтуға және азайтуға бағытталған жобалар іске асырылуда. Мысалы, механикалық тазарту құрылыстарын, биологиялық тазарту құрылыстарын, булану алаңдарын қайта жаңартуды және жете тазарту қондырғысын салуды қамтитын "Тазалық" жобасы. Сондай-ақ, Маңғыстау облысының Кендірлі демалыс аймағы ауданында тұщыландыру қондырғыларын салу жобасын айтуға болады.

Соңғы екі жылда Компанияның еншілес кәсіпорындарының еңбек ұжымдарының арасында наразылық акциялары немесе ереуілдер болған жоқ. Бұған еңбек ұжымдары арасында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және ҚМГ өндірістік қатысатын өңірлерде халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша кешенді жұмыстың арқасында қол жеткізілді.

2020 жылғы қарашада "Самұрық-Қазына" АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобы бойынша әлеуметтік әл-ауқат индексі 2019 жылғы 72%-тен 2020 жылы 74%-ке дейін өсті

Жылдың маңызды жетістігі – еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың болмауы. Бұл нәтижеге Компания тарихында алғаш рет қол жеткізілді. Бұдан басқа, жазатайым оқиғалардың саны айтарлықтай төмендеді, бұл ретте ҚМГ-нің жарақаттылық коэффициенті алғаш рет IOGP салалық орташа көрсеткіштерінен төмен болды.

## Компанияның ел өміріне қосқан үлесі

Ірі салық төлеушісі ретінде Компания 2020 жылы ел бюджетіне 548 млрд теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төледі. Акционерлерге төленген дивидендтер мөлшері 82 млрд теңгеге жетті.

Компания өзінің өндірістік және қаржылық тиімділігіне деген ұмтылысында жауапты әлеуметтік саясатты жүргізеді. Биыл қызметкерлерге көрсетілген әлеуметтік көмек 21 млрд теңгені құрады. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар аясындағы әлеуметтік инвестициялар 4,5 млрд теңгеден асты. COVID-19 пандемиясымен жалпы күрес аясында Компания өз тарапынан ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен жергілікті атқарушы органдарға 6,2 млрд теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті. Компанияның елдің әлеуметтік өміріне жауапты қатынасы болашақта да жалғасатын болады.

Өткен жылды қорытындылай келе, үйлесімді командалық жұмыс пен Компанияның әрбір қызметкерінің өз ісіне деген адалдығы есебінен қиындықтарды сәтті еңсеруге қол жеткізілгенін ерекше атап өткім келеді. Барлық қызметкерлерге олардың үлкен еңбегі үшін алғысымды білдіремін, бұл тек сынақтан өтуге ғана емес, сонымен қатар болашақта Компанияның одан әрі дамуына мүмкіндік береді.

**Алик Айдарбаев,**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқармасының төрағасы